

**КӨПТІЛДІ ЖӘНЕ ПОЛИМӘДЕНИ ҚОҒАМДА ГУМАНИТАРЛЫҚ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ МЕН
ЗЕРТТЕУДІҢ ЗЕРТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ
ГУМАНИТАРНЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН
В ПОЛИЯЗЫЧНОМ И ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ОБЩЕСТВЕ**

**URGENT ISSUES ON STUDY AND TEACHING
OF HUMANITARIAN AND SOCIAL DISCIPLINES
IN MULTICULTURAL ND MULTILINGUAL SOCIETY**

КӨПТІЛДІЛІК-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Абдирикенова А.К.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады.

«Тегінде адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез қасиеттерімен» озады деген ұлы ақын Абай сөзі қай заманда да өз мәнін жоймақ емес. Сондықтан болар, білім беру жүйесін дамыту басты бағыт болып саналады.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай КР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндепті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген.

Ата заңымызда әлемдік тілдердің қай-қайсысын да тануға ерік берілген. Мемлекетіміз саяси, экономикалық, мәдени байланыстары бірнеше тілде білім алуды қажет етеді.

Көптілді білім беру дегеніміз- оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында **қаралған** үш тілде оқыту-қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады.

«Тілдің үштүғырлығы» тіл саясаты бағдарламасы күні кеше ғана айтылған дүниесінде емес. Президентіміздің аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын. Ал, биылғы жылы Еуроодақтық өздерінде үштілді білім тәжірибесін заңды түрде енгізді. Бұл – тарихи қажеттілік.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын онтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Елбасымыз үстіміздегі жылы Қазақстан халқына арнаған “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Тілдердің үштүғырлығы” мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен.

Қазіргі уақытта аталған Жарлыққа сәйкес “Тілдердің үштүғырлығы” мәдени жобасын іске асыру мақсатында қоғамдық өмірдің барлық салаларында қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қолданылуын қамтамасыз ету, ресми тіл, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілінің функцияларын сақтау, жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде ағылшын тілін дамыту жөніндегі шаралар кешені қолға алынып отыр.

“Үштүфірлік” үш тілді қамтығанымен, мәдени жобаны іске асыру барысында қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесіне сай басымдық бағыт беріледі. Осы ретте қазақ тілінің қолданылу аясын одан әрі кеңейту және конституциялық мәртебесіне сәйкес қоғамдағы рөлін нығайтуға, еліміздің барлық азаматтарының мемлекеттік тілді менгеруіне қажетті барлық материалдық-техникалық жағдайларды жасауға аса көңіл бөліну керек. Меніңше, әрбір қазақстандықтың қазақ тілінің тек қазактардың ана тілі ғана емес, әрқайсысымыздың мемлекеттік тіліміз, мемлекетіміздің мемлекеттілігінің негізгі белгісінің бірі, болашағымыздың тілі екенін түсінетін кез келді. Сондықтан да оны мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде іске асырып, барынша дамытуға атсалысуымыз керек.

Қазақстанда тілдердің үштүфірлігі жобасы жүзеге асырыла бастады. Осы жоба аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдайлар жасалуда. Бұл жобаның еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына қосылуға үлкен мүмкіндік беретін сөзміз. Сонымен бірге, осы ретте халықтың біраз бөлігі еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі екендігін білу шарт. Осы ретте көптілділік деп жүргенде өз тілімізді соның бірі ретінде қолданып қалмаймыз ба деген ой туындауы әбден мүмкін. Бірақ, бұған жауап:

Елбасы бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен ұлттық жаңғыру және халқымыздың бәсекеге қабілеттілігі аясындағы келелі кездесуінде «Тілдің үш түфірлілігі» бағдарламасына, мемлекеттік тіл мәселесіне кеңінен тоқталып өтті. Мемлекет басшысы: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлықта сондай дәрежеде болады», – деп сендірді.

Көптілділік - заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Көптілді оқыту- жас үрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі құнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оку-әдістемелік т.б. салаларда жаңа жаңыларды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңа жаңыларды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осы бағытта балабақшалар, мектептер, ЖОО-дары өз үлесін қосуда. Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл оку орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу.

Көптілді мемлекеттер арасында әлеуметтік – мәдени қатынастар жасай алатын, түрлі елдердің мәдениеті, әдебиеті, тарихымен танысып, қажеттін пайдалана отырып, бөтен мәдениеттің ішіне сініп кетпей, өзінің елі мен мәдениетін басқаларға таныта алатын, санатты да саналы тұлғаны қалыптастыру өмір талабы. Бүгінгі Қазақстанға технологиялық ғылыми, медициналық және басқа да салаларда жаңа жаңыларды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар даярлау қажеттілігі туындалап отыр.

Замана ағымына лайықты қазіргі алдымында тұрған міндет халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу. Сол өркениетті елдер санатына қосылуына ықпал жасайтын еліміздің ертеннің болашағы жастарға білім мен тәрбие беретін – мектеп. Болашақ Қазақстанның азаматтары ескінің көзіндей жаңаның ізіндей бо-

лып дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін таныта, сыйлата алатын рухани дүниесі бай, білімді, білікті болуы шарт.

Қазіргі заманда оқыған зиялыш азаматтардың бірнеше тілде сөйлеуі Қазақстанның болашағынан елес беріп тұрғандай. Бұгінде окушыларымыз, студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сыйыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті. Сол жас өсіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап – тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сұру үшін рухани күш беру – бұгінгі мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір окушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет.

Көптілділік заман талабына айналып отырған кезенде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді білгеніміз әлемдік мәдениетке, еркениетке, білім кеңестігіне еркін кірігіп, болашақта алдыңғы қатардағы бәсекелестікке қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісінде өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым биік болуы керек. Әсіресе, мамандар шет тілін оқытатын еліміздегі оқу орындарының білім беру жүйесінде қазақ тіліне ерекше басымдық беруін қадағалауы керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұлттық құндылығымызben терең сусынрайды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін ойлағандар аталған жобаны қолдай отырып, «қазақ тіліндегі ақпараттық кеңістікті кеңейтуге күш салу қажет».

Жалпы айқанда, өз тіліміздің қадір –қасиетін түсініп, мәртебесін көтерейік, Қазақстан кеңістігіндегі ұштілділік бұл заман талабы болып отыр. Егер осы ұштілділік тиімді жұмыс атқарсын, ұштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда ұштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілмдеен аспай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырым дамасы // «Егемен Қазақстан». – 20 қаңтар 2004.

2 Мемлекеттік тіл саясаты – Государственная языковая политика. – Алматы: Аркас, 2005.

3 Қазақстан мектебі. – 2011. – №6.

ХАЛЫҚ БОСТАНДЫҒЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

Алкеева Р.Т.,

Дружба орта мектебі, Қостанай қ., Қазақстан

Исатай қозғалысын поэзияға арқау етіп, сол қимылдың тарихын, мәні мен мақсатын үлкен шеберлік биік шабытпен жырлайтын Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында, Бекетай құмы деген жерде туған. Махамбеттің арғы атасы Құлмәлі. Өтемісте он ұл болған. Олар: Бекмағамбет, Махамбет, Ысмайыл, Досмайыл, Қожахмет (Ахмет), Ұса, Иса, Хасан, Мұса, Ибраіым, Бекмағамбет Жәңгір ханының он екі дуан бинің бірі, ол Исатай қимылына қарсы болған. Ахмет пен Ысмайыл 1838 жылдың 12 тамыз күні соғыста колға түсіп, жер айдалады. Өтемістің өзге ұлдары кедей, момын шаруалар болған. Бойы 2 метр, 5 см болған Махамбет Исатайдан соңғы беріштің (байұлы) ірі батыры.

Махамбет жасында Жәңгір ханының сарайында, оның Зұлқарнайын атты баласымен бірге өседі. Зұлқарнайын Орынборда оқып жүргендеге Махамбет те оның қасында болған. Жәңгірдің қара қазақ баласы Махамбетті өз ұлының жанында ұстасуы тегін емес. Махамбет бала күнінен бастап өлең-жыр мен домбыраға әуес, дарынды жырау болған. Халық ортасынан